

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 10 мамырдағы N 685 қаулысына толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 5 ақпан N 188. Ескерту . Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 19 шілдедегі № 830 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 19 шілдедегі № 830 (алғаш ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

Аграрлық ғылымды дамытуға және педагогика саласына елеулі үлес қосқан ғалымдарды қолдау мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы е т е д і :

1. "Ғылым саласындағы сыйлықтар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 10 мамырдағы N 685 P000685_ қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2000 ж., N 22, 243-құжат) мынадай толықтырулар е н г і з і л с і н :

1-тармақ мынадай мазмұндағы алтыншы және жетінші абзацтармен т о л ы қ т ы р ы л с ы н :

"аграрлық ғылым саласындағы үздік ғылыми зерттеулері мен жұмыстары үшін А.И. Бараев атындағы үш сыйлық (біріншісі - 200 айлық есептік көрсеткіш, екіншісі - 150 айлық есептік көрсеткіш, үшіншісі - 100 айлық есептік көрсеткіш м ө л ш е р і н д е) ;

педагогика саласындағы үздік ғылыми зерттеулері мен жұмыстары үшін Б.Алтынсарин атындағы үш сыйлық (біріншісі - 200 айлық есептік көрсеткіш, екіншісі - 150 айлық есептік көрсеткіш, үшіншісі - 100 айлық есептік көрсеткіш м ө л ш е р і н д е) " .

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі